

Рахметулина Ж.Б., Құраш Н.П.,  
Кабдуалиева А.

**Ұлттық инновациялық жүйенің  
нәтижелілігін бағалауға  
қатысты теориялық  
көзқарастар**

Ұзақ мерзімде Қазақстан экономикасының бәсекелестік артықшылықтарын дамыту тек қана инновациялық экономикаға өту негізінде қол жеткізіледі. Қазіргі заманғы инновациялық экономика дамудың іргелі базасы ретінде жұмыс істеудің негізі инновациялық генезистің біртекті емес, сызықтық емес және көп қырлы процесс болып табылатын ұлттық инновациялық жүйені қалыптастырады. Мақалада Қазақстанның ұлттық инновациялық жүйесінің тиімділігін бағалауына қатысты теориялық көзқарастарға авторлармен зерттеу жүргізілді. Әлемдік тәжірибеде ҰИЖ және оның жекелеген элементтерінің даму деңгейін бағалайтын көрсеткіштердің елеулі түрі пайдаланылады. Оның қызмет ету нәтижелерін сипаттайтын индикаторларға адами капиталды бағалау, ғылыми-техникалық прогрестің (ФТП) көрсеткіштері, зияткерлік капитал көрсеткіштері және т.б. жатады. Инновациялық жүйені бағалау инновациялық циклдың барлық сатыларын және ұлттық инновациялық жүйесінің – ҰИЖ субъектілері арасында инновациялық қызмет барысында пайда болатын байланыстарды бағалауды қамтуы тиіс. Инновациялық жүйе тиімділігінің көрсеткіштер жүйесі оны қалыптастырудың ұлттық ерекшеліктерін ескеріп қана қоймай, халықаралық салыстыруларды да қамтамасыз етуі тиіс. Осындай жүйе агрегацияланған және жеке көрсеткіштерді қамтиды, ол жалпы инновациялық жүйенің және оның жекелеген құрауыштарының даму тенденцияларын ажыратуға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** инновациялар, инновациялық экономика, ұлттық инновациялық жүйе.

Rahmetulina Zh.B., Kurash N.P.,  
Kabdualiev A.A.

**Theoretical approaches to  
evaluation of the impact of  
national innovation system**

The authors conducted a research of theoretical approaches to the assessment of the effectiveness of the national innovation system of Kazakhstan. Achieve the development of competitive advantages of Kazakhstan's economy in the long-term can only on the basis of the transition to an innovative economy. A modern innovative economy as a fundamental base of development forms a national innovation system (NIS), the functioning of which is based on the genesis of innovation as a non-uniform, non-linear and multi-faceted process. In world practice, used a significant number of indicators that assess the level of development of NIS and its individual elements. The indicators that describe the results of its operation: evaluation of human capital, NTP indicators, intellectual capital and other market indicators. The evaluation of the innovation system should include an evaluation of all stages of the innovation cycle and relationships which arising between NIS subjects in the process of innovation. System of effectiveness indicators of innovation system not only takes into account national peculiarities of its formation, it also should provide international comparisons. This system includes both aggregate indicators and private indicators, which allows us to not only allocate trends of the development of the innovation system as a whole, and its individual components.

**Key words:** innovation, innovative economy, national innovation system.

Рахметулина Ж.Б., Құраш Н.П.,  
Кабдуалиева А.Е.

**Теоретические подходы к  
оценке результативности  
национальной инновационной  
системы**

Развитие конкурентных преимуществ экономики Казахстана в долгосрочном периоде может быть обеспечено только на основе перехода к инновационной экономике. Современная инновационная экономика в качестве фундаментальной базы развития формирует национальную инновационную систему (НИС), основой функционирования которой является генезис инноваций как неоднородный, нелинейный и многогранный процесс. В статье авторами проводится исследование теоретических подходов к оценке результативности национальной инновационной системы Казахстана. В мировой практике используется значительное число показателей, оценивающих уровень развития НИС и ее отдельных элементов. К индикаторам, описывающим результаты её функционирования, относят оценки человеческого капитала, показатели НТП, показатели рынка интеллектуального капитала и др. Оценка инновационной системы должна включать оценку всех стадий инновационного цикла и связей, возникающих между субъектами НИС в процессе инновационной деятельности. Система показателей эффективности инновационной системы не только учитывает национальные особенности ее формирования, но и должна обеспечивать международные сопоставления. Такая система включает в себя как агрегированные, так и частные показатели, что позволяет не только выделить тенденции развития инновационной системы в целом, но и отдельных ее составляющих.

**Ключевые слова:** инновации, инновационная экономика, национальная инновационная система.

**ҰЛТТЫҚ  
ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ЖҮЙЕНІҢ  
НӘТИЖЕЛІЛІГІН  
БАҒАЛАУҒА  
ҚАТЫСТЫ ТЕОРИЯЛЫҚ  
КӨЗҚАРАСТАР**

**Кіріспе**

Инновациялық жүйенің қызмет етуін жан-жақты бағалау ұлттық инновациялық жүйе (ҰИЖ) нәтижесін бағалау үшін қажетті құрауыш, инновациялық қызмет саласында басқарушылық шешім қабылдау үшін бастапқы база болып табылады.

ҰИЖ тиімділігінің мақсатты индикаторларына, сондай-ақ, құрамына енетін құрылымдардың мақсатты индикаторларына қол жеткізу Қазақстан Республикасының 2015 ж. дейінгі ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту бойынша Бағдарламасының соңғы нәтижесі болып табылады [1].

**Эксперименттік бөлім.** Ұлттық инновациялық жүйе концепциялары және шет елдердегі инновациялар жүйелер дамуының заңдылықтары төмендегі авторлардың еңбектерінде қарастырылған: Б.-А.Лундвалл (Lundvall B.-A.), Р. Нельсон (Richard R. Nelson), К.Фримен (Christopher Freeman), Н.И. Иванова, Р.А. Фатхутдинов [2], А.В. Брижань [3] және т.б. Қазақстанда ұлттық инновациялық жүйенің даму мәселелері төмендегі авторлардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған: О.С. Сабден, Ф.М. Днишев, Н.К. Нурланова, Ф.Г. Альжанова, М.Б. Кенжегузин, Н.А. Барлыбаева, А.А. Алимбаев, Р.С. Каренов және т.б.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізін экономикалық дамудың эволюциялық теориясы, институционалды теорияның негізгі ережелері, инновациялық жүйе концепциясы және ұлттық бәсекелік артықшылықтар концепциясы құрайды. Зерттеу барысында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының әдістемелік зерттемелері, Фраскати нұсқаулығы және Осло нұсқаулығы (инновациялар бойынша мәліметтерді жинау және талдау бойынша нұсқаулық) пайдаланылады. Инновациялардың, ұлттық инновациялық жүйелердің және олардың экономикалық әсерінің табиғаты, сондай-ақ олардың ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне ықпалы туралы заманауи көзқарастардың әдістемелік негізі ретінде Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі пайдаланылды.

**Нәтижелер және талқылау.** Әлемдік тәжірибеде ҰИЖ және оның жекелеген элементтерінің даму деңгейін бағалай-

тын көрсеткіштердің елеулі түрі пайдаланылады. Оның қызмет ету нәтижелерін сипаттайтын индикаторларға адами капиталды бағалау, ғылыми-техникалық прогресс (ҒТП) көрсеткіштері, зияткерлік капитал көрсеткіштері және т.б. жатады. Инновациялық жүйені бағалау инновациялық циклдың барлық сатыларын және ҰИЖ субъектілері арасында инновациялық қызмет барысында пайда болатын байланыстарды бағалауды қамтуы тиіс. Инновациялық жүйе тиімділігінің көрсеткіштер жүйесі оны қалыптастырудың ұлттық ерекшеліктерін ескеріп қана қоймай, халықаралық салыстыруларды да қамтамасыз етуі тиіс. Осындай жүйе агрегацияланған және жеке көрсеткіштерді қамтиды, ол жалпы инновациялық жүйенің және оның жекелеген құрауыштарының даму тенденцияларын ажыратуға мүмкіндік береді.

Бағалаудың жасалған құралдары жүйелік, функциялық, кешенді, ықпалдастырушылық, динамикалық және т.б. сияқты жалпы әдістемелік көзқарастарға негізделеді.

Жүйелік көзқарас объектілерді жүйе ретінде зерттеуді іске асырады, бұл орайда жүйе өзара байланысты элементтердің (құрауыштардың) жиынтығы, оның кіруі (ресурстары), шығуы (мақсаты), сыртқы ортамен байланысы, кері байланысы болады [2]. Осы көзқарас үшін жүйеден элементтерге қарай қозғалыс тән, себебі элементтердің қасиеттері толығымен жүйенің қасиеттерін анықтайды [4]. Жүйелік көзқарасты көбінесе функционалды көзқарас толықтырады. Оның шеңберінде объект туралы көзқарас жасалған, оған атрибуттары мен ассоциациялық элементтері арасында ішкі байланыстардың болуымен қатар сыртқы өзара байланыстар және арақатынастар – қызметтер тән. Бағалаудың мақсатын анықтау маңызды.

Кешенді көзқарас бағалаудың сапалы және сандық әдістерін үйлестірудің қажеттілігін анықтайды. Сауалнама жүргізу, сараптамалық бағалау әдістерін қамтитын сапалық әдістерді қолдану инновациялық белсенділіктің сандық бағалауға келмейтін жекелеген параметрлерінің ерекшелігіне ғана емес, ҰИЖ нәтижелігін толық бағалау үшін қажетті толыққанды статистикалық ақпараттың жоқтығымен де байланысты. Кешенді көзқарасты пайдаланған кезде инновациялық қызметтің әртүрлі аспектілері (экономикалық, техникалық, экологиялық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік, психологиялық), ал қажет болған жағдайда өзге де аспектілер және олардың

өзара байланыстары (демографиялық, саяси) пайдаланылады [2]. Маңызды аспектілерінің бірін жіберіп алу зерттеушілер алдына қойылған міндетті толық емес шешуге әкеп соқтыруы мүмкін.


Бүгінгі таңда халықаралық институттар ұлттық экономиканың инновациялық жүйесінің даму деңгейін көрсететін көрсеткіштер жүйелері жасалған. Біздің ойымызша, ҰИЖ көрсеткіштері жүйесінің толығырақ талдауы А.В. Брижань еңбегінде келтірілген [3].

Көзқарастардың басым көпшілігі ҰИЖ даму деңгейі бойынша мемлекет арасында салыстыруларды жүргізуге мүмкіндік береді. Инновациялық жүйелердің тиімділігін бағалауға қатысты негізгі көзқарастарды қарастырайық.

1) *Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі*. Дүниежүзілік экономикалық форум (ДЭФ) әлемнің көпшілік елдерінің бәсекеге қабілеттілігі туралы мәліметтерді жыл сайын ұсынады. 2000-2005 ж. аралығындағы кезеңде мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі екі өзара толықтырушы көрсеткіштермен бағаланған. Біріншісі бәсекеге қабілеттіліктің «макроэкономикалық» деңгейін сипаттаған – «бәсекеге қабілеттілік индексінің өсуі» (Growth Competitiveness Index) (2005 ж. әлемдегі 117 мемлекеттер үшін есептелген), оның негізіне М. Портердің бәсекеге қабілеттілік теориясы салынған.

2006 жылдан бастап ДЭФ бәсекеге қабілеттілікті бағалау үшін негіз ретінде бірыңғай құралды – жаһандық бәсекелестік индексін пайдаланады (ЖБИ; GCI), оны Колумбиялық университеттің профессоры Хавьер Сала-и-Мартин жасаған. ЖБИ 114 көрсеткіштердің негізінде есептеледі (олардың ішінен 34 статистикалық мәліметтердің негізінде, қалғандары – орташа және ірі кәсіпорындар басшыларының бағалауы бойынша). Осы көрсеткіштер мемлекеттің өнімділігі және бәсекеге қабілеттілігі үшін ең маңызды болып табылады. Көрсеткіштер 12 факторларға топтастырылады, олар өз кезегінде экономика дамуының қай сатысы негізгі болып табылатынына байланысты үш топқа бөлінеді: факторлы, тиімді немесе инновациялық. Ол 1-суретте көрсетілген [5].

Бағалаудың нәтижесінде мемлекеттер 12 факторлар бойынша белгілі бір дәрежеге бөлінеді және экономиканың даму сатысына байланысты топтастырылады (үш негізгі және екі аралық топтарға). Осы грацияның санаты ретінде адам басына шаққандағы жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) болып табылады, ол сатып алушылық қабілет паритеті бойынша есептелген.



1-сурет – ДЭФ бәсекеге қабілеттілігінің он екі факторы

Және экспорттың жалпы көлеміндегі экспорт үлесі, ол мемлекеттің факторлық тәуелділік дәрежесін анықтайды, талаптары 1- кестеде келтірілген. Қазақстан 2012 жылдан

бастап «басқару тиімділігі» және «инновацияларды» мақсат тұтатын мемлекеттердің санаттары арасындағы 2-3 ауыспалы тобында орналасқан.

1-кесте – Дамудың белгілі бір сатысы үшін табыстар деңгейінің шекарасы

Даму сатысы	Адам басына шаққандағы ЖІӨ, АҚШ долл., сатып алушылық қабілет паритеті бойынша
- факторлы даму сатысы	< 2 000
1-ден 2 дейінгі ауыспалы саты	2 000-3 000
- Тиімді даму сатысы	3 000-9 000
2-ден 3 дейінгі ауыспалы саты	9 000-17 000
- Инновациялық даму сатысы	> 17 000
Ескертпе – авторлармен қайнар-көздер бойынша құрастырылған [5]	

Ауыспалы даму кезеңіндегі транзиттік топтағы мемлекеттер үшін дамудың басым факторларының ықпал ету дәрежесіне қарай таразылар біртіндеп өзгереді. Сонымен, мемлекет келесі сатыдағы басым факторлардың жеткілікті дәрежеде дамуы орын алмаса индекстің азайтылуы арқылы «жазалануы» мүмкін.

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі формула бойынша (1) есептеледі, ол индекстің әр түрлі салмақтық комбинацияларға сезімталдығын тексеру түрінде болады:

$$GCI_{is} = \alpha_{s1} Basic_i + \alpha_{s2} Efficiency_i + (1 - \alpha_{s1} - \alpha_{s2}) Innovation_i \quad (1)$$

мұндағы:  $s$  – даму сатылары;  $\alpha$  – кездейсоқ таңдау арқылы 0-ден 1-ге дейінгі мәндерге ие болатын салмақтар.

Бүгінгі таңда ДЭФ рейтингі әлемнің әр түрлі мемлекеттері бойынша есептелген бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерінің толық кешені түрінде болады. Осы рейтинг мемлекетаралық салыстыруды 12 факторлар бойынша жүргізуге мүмкіндік береді. Олар бір-біріне байланысты емес және бөлек-бөлек белгілі бір әлеуметтік-экономикалық ортаны сипаттау үшін пайдаланылуы мүмкін. Осы әдістеменің артықшылықтары:

– экономиканың деңгейі әртүрлі мемлекеттерді кең көлемде қамту;

– индикаторлардың жиынтығы 2/3 компаниялар басшыларынан сауал алудан тұрады.

Сонымен, осы құрал әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың, соның ішінде, инновациялық қызметтің сандық және сапалық бағалауын қамтиды.

2) *Инновациялық қызметті Еуропалық қауымдастықтар комиссиясымен (ЕҚК) бағалаудың көрсеткіштер жүйесі.* ЕҚК кәсіпкерлік жөніндегі Директоратымен жасалған және Еуропалық одақ (ЕО) мүше мемлекеттерінің инновациялық қызметі дамуын бағалау үшін, сондай-ақ, оларды АҚШ және Жапония көрсеткіштерімен салыстыру үшін пайдаланылады. 2000 жылдан бастап жыл сайын Еуропалық инновациялық табло жарияланады (European Innovation Scoreboard).

ЕҚК көрсеткіштерінің жүйесі үнемі жетілдіріліп отырады. 2005 жылы ЕҚК көрсеткіштерінің жүйесі Бірлескен зерттеу орталығымен (Joint Research Centre) ынтымақтастықта қайта қаралды. Көрсеткіштер санаттарының саны төрттен беске дейін көбейтілді, ал индикаторлардың барлығы 26-ға дейін жетті. Көрсеткіштер арасындағы корреляциялар анықталды, ол бірнешеуінен бас тартуға және инновациялық қызметтің жаңа көрсеткіштерін қосуға мүмкіндік берді. 2008 жылғы әдістемеді инновациялық қызмет көрсеткіштері 3 блокқа бөлінген, олар 2-кестеде көрсетілгендей, көрсеткіштердің 7 негізгі топтарын қамтиды.

**Жағдайлар инновациялық қызметке жәрдемдесетін** фирмаларға қатысты сыртқы факторларды бағалауға мүмкіндік береді. Осыған индикаторлардың келесі топтары жатады:

Адами ресурстар – біліктілігі жоғары адамдардың, ғылыми кадрлардың қол жетімділігі;

Қаржыландыру және мемлекеттік қолдау – инновациялық жобаларды қаржыландырудың мөлшерлері және қол жетімділігі, сондай-ақ, үкіметтің инновациялық қызметті қолдауы.

**Фирмалардың қызметі** – осы көрсеткіштер фирмалардың инновациялық процеске қатысушысы ретіндегі қызметін бағалауға мүмкіндік береді:

*Компаниялардың инвестициялары* – компаниялардың инновацияларға жасаған инвестицияларының барлық түрлері;

*Әрекеттесу және кәсіпкерлік* – инновацияларды жүзеге асыратын компаниялар арасындағы

кәсіпкерлік күш салысулар және кооперациялық байланыстар;

*Өнімділік* – инновациялық процесс нәтижесінде жасалған зияткерлік меншікке құқықтарды, сондай-ақ, технологиялық айырбастардағы төлемдердің ағымдарын қамтиды.

**Нәтижелер** – фирмалардың инновациялық қызметінің негізгі нәтижелерін көрсетеді:

*инноваторлар* – нарықта немесе ұйымның ішінде технологиялық және технологиялық емес инновациялар ұсынған фирмалар саны;

*экономикалық әсерлер* – инновациялық қызметпен байланысты жұмысбастылықта, экспортта және сатылымдарда көрінісін тапқан инновациялардың экономикалық нәтижелері.

ЕҚК индикаторлары құрамдас индикаторға Нәтижелі инновациялық индекске SII (Summary Innovation Index) біріктірілген, ол мемлекеттің инновациялық белсенділігінің қысқаша бағасын білдіреді. SII қол жетімді индикаторлардың негізінде барлық мемлекеттер үшін есептеледі, олардың саны мемлекетке байланысты 12-ден 29-ға дейін болады. Мінсіз кейпінде SII индексі барлық мемлекеттер үшін және барлық 29 индикаторлардың негізінде есептелуі тиіс, бірақ индикаторлардың бір бөлігі ЕО жаңа мүше мемлекеттерінің кейбіреулерінде, сондай-ақ, АҚШ пен Жапонияда қол жетімді емес.

SII индексі абсолютті емес қатынасты көрсеткіштерге негізделеді, яғни SII индексі өзге мемлекеттің осыған ұқсас индексінен 2 есе көп болса, осы мемлекеттердің инновациялық қызметтерінің абсолютті көрсеткіштері арасындағы айырмашылық 2 есе екенін білдірмейді.

SII индексінің негізінде мемлекеттер төрт санатқа бөлінеді:

– инновациялық көшбасшылар;

– инновациялық ізбасарлар;

– орташа инноваторлар;

– қуып жетуші мемлекеттер.

Әрбір мемлекет үшін бес жылдық мерзімдегі инновациялық қызметтің өсу қарқыны есептеледі. Есеп инновациялық индикаторлар мәндерінің абсолютті өзгерістеріне негізделеді. ЕО барлық мемлекеттері 2010-2014 ж. инновациялық қызметтің оң динамикасын көрсетіп отыр, мемлекеттердің SII индексі бойынша мемлекеттерінің санаттары 4-кестеде көрсетілген.

3-кестеде әрбір топтағы 9 көшбасшы мемлекет ажыратылған. Мысалға алатын болсақ, инновациялық көшбасшы мемлекеттер ішінде бірінші орынды Швейцария алып отыр.

## 2-кесте – Еуропалық қауымдастықтар комиссиясының инновациялық көрсеткіштері

Блоктары	Топтар	Көрсеткіштер
Жағдайлар	Адами әлеуеттер	- 1000 адамға шаққандағы ғылым және техника саласындағы 20-29 жастағы бітірушілер саны; - 1000 адамға шаққандағы 25-34 жастағы PhD бітірушілерінің саны; - 100 адамға шаққандағы жоғары білімі бар 25-64 жастағы тұрғындар саны; - 100 адамға шаққандағы 25-64 жастағы өмір бойы білім беруде қатысуы; - жастардың білім деңгейі
	Қаржыландыру және мемлекеттік қолдау	- ҒЗТКЖ кеткен мемлекет шығындары (ЖІӨ %); - Венчурлық капитал (ЖІӨ %); - жеке несиелер (ЖІӨ қатысты); - кең жолақты коммуникацияларға қол жеткізу (Ғаламтор) (фирмалардың %).
Фирмалардың қызметі	Компаниялардың инвестициялары	- Жеке сектордың зерттеу мен өңдеуге кеткен шығындары (ЖІӨ %) - Жеке сектордың ақпараттық технологияларға кеткен шығындары (ЖІӨ %); - Инновацияларға басқа да шығындары (айналымның %).
	Әрекеттесулер және кәсіпкерлік	Шағын және орта кәсіпорындардың ішкі жаңалықтары (ШОК); - өзге де ШОК кооперацияланатын инновациялық ШОК (ШОК санынан, %); - ШОК жаңғырту (ШОК санынан, %); - миллион тұрғынға шаққандағы мемлекеттік-жеке меншік жарияланымдар.
	Өнімділік	- миллион тұрғынға шаққандағы ЕРО патенттері; - 1 млн тұрғынға шаққандағы жалпы сауда маркалары; - 1 млн тұрғынға шаққандағы дизайнның жалпы үлгілері; - төлемдер ағымдарының технологиялық балансы (ЖІӨ %).
Нәтижелер	Инноваторлар	- өнімділік немесе процестік инновацияларды жүзеге асыратын ШОК (ШОК, %); - маркетингтік немесе ұйымдастырушылық инновацияларды жүзеге асыратын ШОК (ШОК %); - инновациялар еңбек шығындарын елеулі түрде қысқартқан инноваторлар үлестері (фирмалар санынан %); - инновациялары материалдар және энергия шығындарын елеулі түрде қысқартқан инноваторлар үлесі (фирмалар санынан, %).
	Экономикалық әсерлер	- орта- және жоғары технологиялық өндірісте қамтылу (барлық қамтылғандардың %); - жоғары технологиялық қызметтер саласындағы жұмысбастылық (барлық қамтылғандардың, %); - орта- және жоғары технологиялық өндіріс өнімін экспорттау (барлық экспорттың, %); - жоғары технологиялық қызметтер экспорты (барлық қызметтер экспортының, %); - нарық үшін жаңа тауарларды/қызметтерді сату көлемі (айналымнан, %) - фирма үшін жаңа тауарларды/қызметтерді сату көлемі (айналымның, %).
Ескерту – авторлармен қайнар-көздер бойынша құрастырылған [5]		

## 3-кесте – Мемлекеттердің SII индексі бойынша санаттары

Топтар	Өсу қарқыны	Өсудің көшбасшылары	Орташа өсу қарқыны	Шағын өсу қарқыны
Инновациялық көшбасшылар	1,5	Швейцария	Финляндия, Германия	Дания, Швеция, Ұлыбритания
Инновациялық ізбасарлар	2,7	Кипр, Эстония	Исландия, Словения	Австрия, Франция, Ирландия, Люксембург, Бельгия, Нидерланды
Орташа инноваторлар	3,3	Чехия, Португалия Грекия, Мальта	Венгрия, Словакия Литва, Польша,	Италия, Норвегия, Испания
Қуып жетуші мемлекеттер	5,5	Болгария, Румыния	Латвия, Түркия	Хорватия
Ескерту – авторлармен қайнар-көздер бойынша құрастырылған [6]				

Әртүрлі топтардағы инновациялық қызметтің өсу қарқындары арасында белгілі бір заңдылық бар. Инновациялық ізбасарлардың өсу қарқындары инновациялық көшбасшыларға қарағанда жоғары, орташа инноваторларда қуып жетуші типтегі мемлекеттерге қарағанда жоғары және қуып жетуші мемлекеттер орташа инноваторларға қарағанда жоғары нәтижелер көрсетіп отыр. Осы процесс әр топтағы жекелеген мемлекеттердің көпшілігі үшін тән.

Еуропалық инновациялық табломен қатар (ЕИТ) Еуропалық инновациялық зерттеу (ЕИЗ) (European Community Innovation Survey) мемлекеттердің инновациялық белсенділігі туралы мәліметтерді беру бойынша негізгі құралдардың бірі болып табылады.

ЕИЗ келесі топтарға бөлінген 101 статистикалық көрсеткіштерді талдаудан тұрады:

- өнімдік, процестік, ағымдағы және аяқталмаған инновациялар;
- инновациялық қызметке кеткен шығындар;

– ішкі зерттеулер және тәжірибелік-конструкторлық зерттемелер.

Инновациялардың нәтижелері:

- инновацияларды мемлекеттік қаржыландыру;
- инновациялық ынтымақтастық;
- инновациялар үшін ақпарат көздері;
- инновациялық қызмет үшін кедергілер;
- патенттер және өзге де қорғау әдістері.

Кәсіпорындардағы өзге де маңызды ұйымдастырушылық және маркетингтік инновациялар.

### Қорытынды

Жаһандық инновациялық серпілістер дәуірінде өзінің ұлттық инновациялық жүйені дамыту мен ғылыми қамтымды экономиканы қалыптастыру Қазақстан үшін маңызды екеніне ешкім күмән келтірмейді.

Ал дамыған елдердің тәжірибесі ең бастысы Қазақстанға білімге негізделген жаңа экономиканы қалыптастыру үшін әлі де ұзақ жол бар екенін дәлелдейді.

### Әдебиеттер

- 1 Программа по формированию и развитию национальной инновационной системы Республики Казахстан на 2005-2015 годы– URL: [http://ru.government.kz/docs/p050387\\_rus.html](http://ru.government.kz/docs/p050387_rus.html)
- 2 Фатхутдинов Р.А. Инновационный менеджмент: учебник. – 6-е изд. – СПб.: Питер, 2011. – 448 с.
- 3 Брижань А.В. Национальная инновационная система как ключевой элемент развития экономики: автореф. ... канд. экон. наук: 08.00.05. – Краснодар: Кубан. гос. ун-т, 2006. – 24 с.
- 4 Курнышев В.В. Региональная экономика. Основы теории и методы исследования: учебное пособие. – 2-е изд. – М.: КНОРУС, 2011. – 272 с.
- 5 Global Competitiveness Report 2015-2016. – URL: <http://reports.weforum.org/global-competitiveness-report-2015-2016/>.
- 6 Innovation union scoreboard 2010.- URL: [http://www.cnz.eurokreator.eu/dokumenty/Innovation\\_Union\\_Scoreboard\\_2010.pdf](http://www.cnz.eurokreator.eu/dokumenty/Innovation_Union_Scoreboard_2010.pdf)

### References

- 1 Programma po formirovaniju i razvitiju nacional'noj innovacionnoj sistemy Respubliki Kazahstan na 2005-2015 gody– URL: [http://ru.government.kz/docs/p050387\\_rus.html](http://ru.government.kz/docs/p050387_rus.html)
- 2 Fathutdinov R.A. Innovacionnyj menedzhment: uchebnik. – 6-е изд. – СПб.: Piter, 2011. – 448 s.
- 3 Brizhan' A.V. Nacional'naja innovacionnaja sistema kak kljuchevoj jelement razvitija jekonomiki: avtoref. ... kand. jekon. nauk: 08.00.05. – Krasnodar: Kuban. gos. un-t, 2006. – 24s.
- 4 Kurnyshev V.V. Regional'naja jekonomika. Osnovy teorii i metody issledovanija: uchebnoe posobie. – 2-е изд. – М.: KNORUS, 2011. – 272 s.
- 5 Global Competitiveness Report 2015-2016. – URL: <http://reports.weforum.org/global-competitiveness-report-2015-2016/>.
- 6 Innovation union scoreboard 2010. – URL: [http://www.cnz.eurokreator.eu/dokumenty/Innovation\\_Union\\_Scoreboard\\_2010.pdf](http://www.cnz.eurokreator.eu/dokumenty/Innovation_Union_Scoreboard_2010.pdf)

